

Азизханова Дидар Каримжановнаның 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына Отандық ғылыми кеңесші, педагогика ғылымдарының докторы, доцент Н.Ш.Алметовтың

ШКІРІ

Диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауында алға қойылған адам капиталын дамытудың жаңа міндеттері, хореограф мамандарға жаңа талаптар, болашақ хореографтарды даярлайтын жоғары оқу орындарында білім берудің стратегиялық бағыттары, мазмұны мен технологияларын жаңа жағдайлардағы жаңғырту міндеттерімен айқындалады.

Өзгермелі әлем барлық кәсіптер мен мамандықтардың мазмұнына өзгерістер ендіруде, тіпті кейбір мамандықтардың таяуда жойылуы, жаңа мамандықтардың пайда болуы туралы ғалымдар, беделді сарапшылар көп айтуда. Кәсіби ұтқырлық бүгінгі таңда әрбір маманның кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдасына айналуы қажет. Сондықтан, жоғары оқу орындарында болашақ хореографтарды даярлау процесінің осы аспектіне ерекше назар аудару қажеттілігі арта түседі.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының мәселесі қазіргі таңда болашақ мамандарды даярлау үдерісінің сапасын арттыруда мәдениет, өнер және білім беру салаларында кәсіби ұтқыр мамандарға әлеуметтік-педагогикалық сұраныстар мен оны толық қамтамасыз етпейтін ЖОО-дағы болашақ хореографтарды дайындаудың жүйесі арасында; тәжірибелі хореографтар мен педагог-хореографтардың болашақ хореографтарды еңбек нарығының өзгермелі жағдайларында табысты қызмет жасауына даярлаудың маңыздылығы мен жоғары оқу орнында оның ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандырылуы деңгейі арасында объективті қарама-қайшылықтардан туындайды.

Ізденуші жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру мақсатын алға қойған.

Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшаларда тұрады. Диссертацияның құрылымы зерттеудің кешенді сипаты мен логикасына, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Бірінші бөлім «Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталады. Бұл бөлімде зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер теориялық талданып, кәсіби ұтқырлықтың мәні мен құрылымы айқындалған, болашақ

хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары сипатталған. Жоғары оқу орнында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейі анықталған.

«Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері» деп аталатын екінші бөлімде жоғары оқу орнында болашақ хореографтарды дайындауда кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жүйесі қарастырылған. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың жаңа мүмкіндіктері анықталып, олар психологиялық-педагогикалық шарттар түрінде тұжырымдалған. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі ұсынылған.

Үшінші бөлім «Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмыстар» деп аталады. Бұл бөлімде жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар және олардың нәтижелері қарастырылған.

Диссертацияның қорытынды бөлімінде жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру процесін жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсыныстар берілген.

Ізденуші болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру мәселесіне арналған ғылыми педагогикалық, психологиялық және оқу-әдістемелік әдебиеттерге, озық тәжірибелерге талдау жасау негізінде мынандай жаңа, шынайы нәтижелерге қол жеткізген:

- болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықталған, «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдары нақтыланған;
- болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалған;
- болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленген;
- жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілген және ғылыми-практикалық ұсыныстар берілген.

Жүргізілген теориялық зерттеулер мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелерін талдау ізденушіге болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру бойынша негізді теориялық және практикалық қорытындылар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік берген.

Ізденуші зерттеу барысында әзірлеген «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының бағдарламасы, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша пропедевтикалық тапсырмалар мен жағдаяттар, зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогикалық және мәдениет бағытындағы жоғары оқу орындарында болашақ хореографтарды

даярлау процесінде, хореограф-мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдаланылуы мүмкін.

Диссертацияның негізгі ережелері, нәтижелері, қорытындылары мен пікірлері Scopus базасына енген «Cypriot Journal of Educational Sciences» журналында, ҚР БЖҒМ БҒСҚК тізіміне енген «Қазақстанның ғылыми мен өмірі», «Торайғыров университетінің хабаршысы» журналдарда, «Вестник Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева» ғылыми-педагогикалық журналында, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында, шет елдік ғылыми басылымдарда (Санкт-Петербург, 2017; Бишкек, 2018; Прага, 2020; Токио, 2020; Шымкент, 2019, 2020, 2021) мақалалар түрінде жарық көрген. Диссертант әзірлеген «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсы, курстық жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар М.Әуезов атындағы ОҚУ-да бакалавриаттың «Хореография» білім беру бағдарламасының оқу-тәрбие процесіне ендірілген.

Диссертациялық жұмыстағы барлық ережелер мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігі, зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы, диссертацияның тұтастығы, аяқталғандығы, дұрыстығы, жұмыстың педагогикалық теория мен практика үшін маңыздылығы Азизханова Дидар Каримжановнаның 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға жіберу туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Отандық ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының
докторы, доцент

Алметов Н.Ш.

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ҚЖЖ бөлімінің
басшысы

